

Джумадуллаева А. Н.¹ Зұлпыхарова Э. Ө.²

¹*т.ғ.к., доцент, Қ.А.Ясауи ат.Халықаралы қазақ-түрік университеті*

²*т.ғ.к., доцент, Қ.А.Ясауи ат.Халықаралы қазақ-түрік университеті*

СЕЛЬЖҰҚ ИМПЕРИЯСЫНДАҒЫ ІШКІ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ – ЕЛДЕГІ ДАҒДАРЫСТЫҢ АЛҒЫШАРТТЫ РЕТІНДЕ (ХІ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ МЕН ХІІ Ғ. БАСЫ)

Андатпа

Мақалада Селжұқ мемлекетінің негізін оғыздардың қынық руынан шыққан Селжұқ қалағандығы және сонымен қатар Сельжұқ империясындағы ішкі әлеуметтік саясат-елдегі дағдарыстың алғышартты ретінде(ХІ ғасырдың соңы мен ХІІ ғ. басы) қарастырылады.

Аталған мемлекет адам атымен аталған еді. Селжұқ әкесі Дукактан кейін әскер басы болып, оғыз жабғулармен келісе алмай 935 жылы өзіне қарасты ру тайпаларымен бірге Жент қаласына қоныс аударып, орналасты. Жент қаласының тұрғындары сол кезеңде Ислам дінін қабылдап біткен еді. Жент қаласының тұрғындары сол кезеңде Ислам дінін қабылдап біткен еді. Сондықтан Жент айналасына қоныс тепкен Селжұқ мұсылмандықты тез арада қабылдап алды. Ол қысқа мерзімде өзіне қарасты әскер бірліктерін жинап, қуаттана бастады. Сонымен қатар оғыздардан бөлініп шыққан басқада бірлесітк тайпаларды қоса бастады. өз кезеңінде ол ұлы Арсланды жіберіп, Саманұлдарына Қарахандықтарды қирату үшін көмекке аттандырады да Мауераннахрға орнығады.Мемлекеттің тірегі болып отырған армияны жер үлесімен (икта), жалақымен, сыйлықтармен, азық-түлікпен, қару-жарақпен, киім-кешекпен, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін сұлтан үкіметі қандай шығындарға болса да барды. Икта системасының армияда кең таралуы халық жасақтарының орнына маманданған тұрақты жалдамалы армия құруға мүмкіндік берді

Кіліт сөзі:Мемлекет, сұлтан, соғыс, міндет, экономика, динар, заң,халық, форма, сауда, қару-жарақ.

Dzhumadullaeva A.¹² Zulpykharova E.

¹*Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
candidate of pedagogical sciences, acting assistant professor*

²*Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
candidate of pedagogical sciences, acting assistant professor*

FEATURES OF THE DEVELOPMENT OF THE SELJUK EMPIRE AND THE BEGINNING OF THE POLITICAL CRISIS

Abstract

The article considers the fact that the Seljuk state was founded by the Oghuz Seljuks, as well as the internal social policy of the Seljuk empire as a prerequisite for a crisis in the country (late XI and early XII centuries). The Seljuks combined the fragmented political landscape of the eastern Islamic world and played a key role in first and second crusades. Strongly Persianized in culture and language, the Seljuks also played an important role in the development of the Turkic-Persian tradition, even exporting Persian culture to Anatolia. The resettlement of Turkic tribes in the northwestern peripheral parts of the empire with the military strategic goal of repelling the invasions of neighboring states led to the gradual Turkization of these territories. Sultans handed out nobles and ordinary warriors to the nobility - *ikta*, which made it possible for the sultan to maintain power. At the end of the XI century, large conquests ended, bringing the nobility new lands and military booty, which led to a change in the political situation in the country. Nobles began to strive to turn their possessions into legally hereditary, and their power over the *Rayyats* - into unlimited; the owners of large *Lenas* raised rebellions, seeking independence (Khorezm in the 1st half of the XII century).

To provide the army with land (ICT), wages, gifts, food, weapons, uniforms, medicines, the Sultan's government went to any expense. The widespread use of ICT in the army has allowed the creation of a stable mercenary army, specializing in the change of people's squads

Keywords: State, Sultan, war, task, economy, Dinar, law, people, form, trade, weapons.

Джумадуллаева А.Н.¹ Зулыхарова Э.У.²

¹*к.и.н., доцент, Международный казахско-турецкий университет имени Ясави*

²*к.и.н., доцент, Международный казахско-турецкий университет имени Ясави*

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ СЕЛЬДЖУКСКОЙ ИМПЕРИИ И НАЧАЛО ПОЛИТИЧЕСКОГО КРИЗИСА

Аннотация

В статье рассматривается тот факт, что сельджукское государство было основано сельджуками племени огуз, а также внутренняя социальная политика империи сельджуков как предпосылка кризиса в стране (конец XI и начало XII вв.). Сельджуки объединили расколотый политический ландшафт восточного исламского мира и сыграли ключевую роль в первом и втором крестовых походах. Сильно персианизированные в культуре и языке, сельджуки также играли важную роль в развитии тюрко-персидской традиции, даже экспортируя персидскую культуру в Анатолию. Расселение тюркских племен в северо-западных периферийных частях империи с военно-стратегической целью отражения вторжений соседних государств привело к постепенной тюркизации этих территорий. Султаны раздавали знати и рядовым воинам военные лены — [икта](#), что давало возможность султану удерживать власть. В конце XI века завершились большие завоевания, приносившие знати новые земли и военную добычу, что привело к изменению политической ситуации в стране. Знать начала стремиться превратить свои владения в юридически наследственные, а свою власть над райятами — в неограниченную; владельцы крупных ленов поднимали мятежи, добиваясь независимости (Хорезм в 1-й половине XII века). Для обеспечения армии землей (ИКТ), заработной платой, подарками, продовольствием, вооружением, обмундированием, медикаментами правительство султана пошло на какие-либо расходы. Широкое распространение системы ИКТ в армии позволило создать стабильную наемную армию, специализирующуюся на смене народных дружин

Ключевое слово: Государство, султан, война, задача, экономика, динар, закон, народ, форма, торговля, оружие.

Мемлекеттің өмір сүруі қаржы-салық жүйесіне тікелей тәуелді болатын. Мемлекеттің қазынасын реттеу үшін сұлтан үкіметі қыруар ісгер атқарды. Мәлікшах сұлтан тұсында империяның жылдық табысы 215 млн. динарға дейін өсірілді. Мемлекеттік қазынаның негізгі бөлігі басқару аппаратына, армияның жалақысы мен азық-түлік, қару-жарағына жұмсалды. Мысалы, армияға жыл сайын 700 мың алтын динар тек жалақы ретінде берілсе, сұлтан сарайының қажетін өтеу үшін жылына 20 мың алтын динар бөлінді. Мемлекет дін басыларының қажетіне деп жыл сайын 300 мың динар бөлуге мәжбүр болды. Мемлекеттің тірегі болып отырған армияны жер үлесімен (икта), жалақымен, сыйлықтармен, азық-түлікпен, қару-жарақпен, киім-кешекпен, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін сұлтан үкіметі қандай шығындарға болса да барды. Икта системасының армияда кең таралуы халық жасақтарының орнына маманданған тұрақты жалдамалы армия құруға мүмкіндік берді. Мәлікшах сұлтан тұсында селжұқ армиясы негізінен мынандай екі топқа жіктелді: 1. «Лашкар-и иджара хор» және 2. «Джарида-йи икта-ат». Әскерлердің алғашқы категориясы мемлекет қазынасынан жалақы алып қазмет етсе, екінші категориясы икта системасы бойынша жер үлесін алып қызмет етті. Сұлтанның жеке гвардиясында (мамлюк корпусында) - 15 мың атты аламан, сондай-ақ, сарай күзетінде - 2 мың атты гулям қызмет етті. Селжұқтардың армиясы - түркілерден, парсылардан, арабтардан, күрдтерден, кавказдықтардан жасақталды. Армия тек түріктердің соғыс киімдерін киюге міндетті болды. Ерекше көзге түскен сардарларға Мәлікшах сұлтан ірі икта жерлерін меншікке беріп отырды, мысалы, Ақсұңқарға-Алеппо (Халеп), Бозан батырға-Ар-Рухи, Шақырмас батырға - Мосул, Ұранқұс батырға-Йеменді береді. Селжұқ империясы құрылған кезде салық жинаудың принципі туралы біршама толқыныс болғаны рас. Отырықшы елден салықты қалай жинау, көшпелілерден салықты қалай алу керек деген мәселені дұрыс шешу үшін үкімет бұл мәселені кең

тұрғыда зерттейді. Империяның негізгі халқы отырыөшылар болған соң, көп нәрсені өзгертпей, мұсылман тұрғындары үшін бұрыннан түсінікті салық түрлерін қалдырып, ал көшпелілер үшін ондық салық системасына біраз өзгерістер енгізу туралы шешім қабылданады. Мұсылман тұрғындардан салықтың атаулары да сол қалпында қалдырылады. Негізгі салықтың түрі-харадж және ушр салығы болды. Мемлекеттік салық оның түрі мен жиналуын қамтамасыз ету, есеп-қисап мәселесі арнайы мемлекеттік орган -диван-и истифаның құзырында болды. Бұл органның басшысы -мустауфи деп аталды. Салықтар дер көзінде төленбесе мустауфи оның иесінің мүлкі мен жерін тартып алып, басқаға беруге құқылы болды. Салықтарды тікелей жинау ісімен салықшылар - амилдер айналысты.Негізгі салық - харадж бен ушр феодалдардан да, шаруалардан да алынды. Салық - райат деп аталды, оны төлеуші адамды мемлекет азаматы деп санады, әрі оны ұры қарыдан қорғау мемлекеттің міндеті деп есептелінді. Райятты дер көзінде төлеп тұрған адам салықшыға - амилге келіп, өзін басбұзарлардан қорғауын талап ете алатын. Бұл туралы барлық жарияланған сұлтанжарлықтары мен заң ережелерінде арнайы айтылды.Мұсылман духовенствосы-сейіттер, имамдар, шейхтер, құран көшірушілер ешқандай салық төлеген жоқ. Селжұқтар сондай-ақ, бүкіл аббас әулеттерін салықтан мүлдем босатады, соңдай-ақ, көңілдерін аулау үшін жергілікті ірі әулеттің екілдері де салықтан мүлдем босатылды немесе тек ішінара төледі.Селжұқтар мемлекетінде харадж салығынаң негізгі үш түрі салынды: мисаха-харадж (яғни, тіркеуге алынып өлшенген жер көлемінен төленетін салық), мукасама-харадж (өнімнің санынан алынатын салық), сондай-ақ, муката-а-харадж (жер үлесін иелену құқы үшін төленетін салық).

Халық шарифатта көрсетілген ресми салықпен қатар (русум), төтенше жағдайларда төленетін салықтарды да (авариз) дер көзінде, еш қарсылықсыз төлеуге міндетті болды. Салықтар заттай да (махсулат), ақшалай формада да (нагд) төлене беретін. Салықты осы екеуін араластыра отырып төлеуге де рұқсат берілді. Көшпелілер салық ретінде армияға әскери жылқылар мен мал өнімдерін (арқан, киіз үй, текемет, алаша, жүн, тері,саба, торсық) беруге міндетті болды. Ірі шайқастар мен алыс жорықтар көзінде соңғы дәуірде көшпелілердің әскери жасақ беруі салығын өтегендік деп есептелінді.Салық төлеуге қабілетті адамдарды мемлекет қорғап-қолдап отырса, ал төлеуден бас тартқан немесе салық төлеуге шамасы жоқтарды қатаң жазалап отырды.Оларды зорлап түрліше мемлекет жұмыстарына жекті. Мұндай адамдарды - бар-зигары асбаб-и хасс деп атады.Шаруалардың салықтары - мемлекетке, шенеунікке, феодалға, дін мекемесіне, әскерге төлейтін салықтар болып бірнеше топқа жіктелді. Негізгі салықтар-харадж, хукук-и дивани және т.б. салықтарға қосымша ретінде шаруалар жоғарыдағы мекемелердің барлығына арнап салалық салықтар бөледі. Хиссас-и дивани салығы - шенеунік үшін,- нал-баха назул салығы - қонақ салығы, улufe салығы - әскердің жем-шөбі үшін төленеді.. Мемлекетте ірі салық аймақтары, салық аудандары, салық округтеріне жіктелініп, әрқайсысынан алынатын салықтың түрі мен мөлшері белгіленді.Селжұқ үкіметі қалаларда сауданы, қолөнерді дамытуға мүдделі болды. Бұл дәуірде Орта Азияда, Батыс Иранда, Солтүстік Ауғанстанда қалалар мен қала халқының саны күрт есіп, үлкен урбанизация процесі жүріп жатты. Қалалардың саны да, сапасы да өсті. Қала салу мәдениеті, жаңа құрылыс үлгісі, сәулет өнері дамыды. Қала мәдениеттің, өркениеттің, сауда мен қолөнердіңорталығыболды. Қала халқының этникалық құрамы да жыл өске сайын ала-құла бола түсті. Шығыс қалаларына тән сипат селжұ қалаларында да сақталды, қалаларда өздік ерекшеліктер әрдайым байқалып тұрды.Қала қолөнер мен сауданың дамыған орталғы ғана емес сондай-ақ, отырықшы әлем мен көшпелі әлемді байланыстытруші орталық болды. Қалада отырықшы экономика мен көшпел экономиканың товар алмасуы іске асырылды. Мемлекетті экономикалық жағдайының дәрежесі тек қалады ғана айқыі көрініп тұрды.Селжұқ империясында жүздеген ірі қалалар, мындаған орта кіші қалалар бар еді. Ірі қалалардың қатарына -Мерв, Бағдат, Герат Исфахан, Нишапур, Термез, Хульбук, Турган, Шаш, Елек, Бұқара Самарқанд, Рей, Пайкент, Гиждуван, Вабкент, Варахши, Кермен Суза және т.б. жататын. Сол дәуірдегі Мерв қаласында 150.000 адам тұратын/134/ ірі қалалардың барлығында қолөнер ісі үлкеі қарқынмен дамыды, олардың барлығында көптеген атакты базарлар жұмыс істеді. Ағаш шеберлерінің өнімдері, түрлі үй жихаздары ыдыс- аяқ, киім-кешек, кілем тоқу, мата тоқу, арба жасау, зергерлік бұйымдар, әшекей заттар, қағаз өндіру, темір балқыту, қару-жарақ жасау, ақша соғу жоғары сапаларға жетеді. Селжұқ мемлекетінің товарлары сол дәуірдегі бүкіл әлемге жақсы таныс болды Керуендер алыс елдің товарларын селжұққа жеткізсе, ал селжұқ товарларын құрлық, су жолдары арқылы алыс елдерге жеткізетін.Селжұқ дәуірінде әсіресе күнделікті шаруашылыққа қажеті еңбек құралдарын, транспорт түрлерін дамыту ерекше қолға алынды. Шам лампасы, соқа, күрек, кетпен, балта, шынжыр, арба шот, ине, тырма жасаушылардың өз мектептері болды. Селжұқ шеберлері жасаған форфор бұйымдар әлі күнге дейіі мәдениеттанушылар тарапынан жоғары бағасына алып жатқаны

рас. Бұл дәуірдің тамаша туындылары мен жәдігерлері қазіргі таңда әлем мұражайларында сақталуда.

Сауда ішкі және халықаралық болып екіге бөлінді. Ішкі рынокқа ие сыртқы рынокқа арнап дайындалған өнім түрлері өте көп болды. Сыртқы және көтерме саудамен негізінен мемлекет және ірі феодал топтары, саудагерлер одақтары айналысты. Сауда жасаушылардың құқы, заттың құны мен сапасы туралы арнайы заңдар жүйесі қабылданды. Ішкі саудамен орта және ұсақ саудагерлер айналысты. Оларды базарға, гуджар, базари, ахл ал-базар дап атайтын. Сауда мен базар жүйесі мемлекеттік қазынаға үлкен табыс түсіріп тұрды. Саудада келісім шарттар (муамала), несие беру (сарф), көтере алса бағасын кеміту сияқты процестер жүріп жатты. Мұсылман шариғат заңына сүйене отырып, сұлтан үкіметі мен діни мекемелер әділ сауда теориясын жасауға әрекеттенеді. Осы бойынша рұқсат етілген сауда (ал-халаял) және тиым салынған сауда (ал-харам, ал-махзур) теориялары жасалды. Сондай-ақ, тиым салынбаған, жағымсыз сауда (ал-макрух) туралы да түсінік беріледі. Товарға несиеге беру арқылы сауда жасау да онша жағымды іс-әрекет деп есептелмеді. Селжұқ территориясындағы саудада сол кездегі барлық ақша түрлері - валюталар айналып жүрді. Бірақ ақшаларды тек арнайы орындарда ғана айырбастауға мүмкіндік берілетін еді (саррафтар). Мысалы, XI ғ. ортасындағы Исфханның ортылық базарында ресми рұқсаты бар 200 ақша ауыстырушылар - саррафтар жұмыс істеді. Базарларды басқаратын адамдарды ресми өкімет орындары тағайындап отырды, оларды - зуама-йи асвак деп атайтын. Селжұқ мемлекетінің эконмикасында, әлеуметтік-этникалық жүйесінде көшпелілердің, көшпелілер шаруашылықтарының алатын орны ерекше болды. Мемлекетті құрған тек ретінде түрік оғыздары басқаларға қарағанда жеңілдіктерді пайдаланды. Отырықшы өмір салтына өткен оғыз көшпелілері дәстүрлі шаруашылықтарын тастап, егіншілікпен, саудамен, құрылыспен, қолөнерімен табысты түрде шұғылдана бастады. Егінші оғыздар көбіне арпа, бұдай, күріш, бау-бақша өсірумен айналысты. Оғыз көшпелілерінің дені жаңа қоныстарында әртүрлі ата кәсіптерімен-малшаруашылығымен шұғылданды. Төрт түлік малдан жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі өсірді. Олар мал өнімдерін қалаларға молынан шығарып отырды. Саудада өнімдер айырбас немесе нақты ақшаға сату дәстүрі енеді. Бірақ, оғыз тайпаларының қару асынуға жарамды ер-азаматтарының дені селжұқ армиясында қызмет етуді ратты. Қарапайым көшпелі азаматтар армияда аламан міндетін атқарса, көшпелілердің бекзадалары армияда әскери қолбасшылық етті, түрліше мемлекеттік қызметтерге тартылды. Селжұқ мемлекетінің өмір сүруінің өзі оғыз көшпелілерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайының тұрақты болуымен тығыз байланысты екенін сұлтан үкіметі ешқашанда естерінен шығарған жоқ./136/. Кез-келген империя сынды Селжұқ империясы да мәңгі біртұтас мемлекет болып қала алмайтын еді. Түрлі этностардан, мәдениеттерден, өмір салттарынан, экономикалық аймақтардан тұратын Селжұқ империясында да ішкі қайшылықтар өсе келе XI ғ. соңында сепаратистік қозғалыстар үдей түседі. Ұлы билеушілер Мәлік шах сұлтан мен Низам ал-Мульк уәзірдің бір мезгілде қайтыс болуынан соң мемлекеттің ішкі саяси өмірінде дағдарыс дәуірі басталады. Мәлікшах тұсындағы темірдей тәртіптің арқасында селжұқ армиясы тәуелсіздікке ұмтылған кез-келген әрекетті қарудың күшімен тиып тастап отыратын. Мысалы, Мәлікшах сұлтан 1081-1085 жылдары үлкен күшпен өз ағасы Текештің көтерілісін басқын болса, ал 1007-1085 жылдары Кавурдид Рукн ад-Дин сұлтаншах көтерілісін жусатады. Сепаратистік қозғалыстар Орта Азияда, Ауғанстанда, Иракта, Иранда, Сирияда бір сәтте толастамады. Орталық билік орындарында алауыздық өрті тұтана бастап еді. Ұлы уәзір Низам ал-Мульктің даңқын көре алмаған, иран бекзадаларының өкілі, селжұқ мемлекетінде қазына басы болған Тадже ал-Мульк Абу-л-Танаим мемлекетті ыдырату үшін аса белсенділік танытқан тыңшы болды. Түрлі әдістермен ханша Тарқан қатынның сеніміне ие болған ол астыртын әрекеттердің, зұлымдықтардың асқан шебері болды. Низам ал-Мульк уәзір мемлекеттің келешегінен қауіптеніп, Мәлікшахқа өз мұрагері ретінде екінші әйелінен туылған, біршама қабілетті Беркеарықты жариялауды ұсынған кезде, Тадж ал-Мульк оған қарсы әрекеттеніп, Тарқан қатынды араға салып, оның жас ақымақтау баласы Махмұдты келесі сұлтан деп жариялатып жібереді. Мұндай әрекеттердің болмай қоймайтынын болжаған Низам ал-Мульк уәзір орталық мемлекеттік аппаратты барынша күшейтуге тырысады. Ол өз маңына ақылды да сенімді адамдарды - қаржы диванының бастығы Абу Сайд Мқхамедті, мемлекеттік хатшылықтың бастығы - Камас ад-Дин Абу Рида Фазлаллахты топтайды. Уәзір өз маңында 20 мың түрік гулямынан тұратын ерекше гвардия ұстайды. Сарайдағы арам пиғыдды топтар Низам ал-Мулькті у беріп өлтіруге әрекет жасайды. 1092 жылы сұлтан Мәлікшах Бағдат халифасының шақыруымен барған сапарында құпия қайтыс болады. Дұшпандар шиитерден шыққан Аламут исмаилттерінен кісі өлтіруші жалдап сол жылы ұлы уәзір Низам ал-Мулькті де өлтірткізеді. Орталық биліктің әлсірегенін түсінеген шиит

исламистері Иранда, Аламутта көтерілістер ұйымдастырады. Олардың жетекшілері Хасан ас-Саббах Низам ал-Мулькті өлтіруді тікелей ұйымдастырған адам еді. Исламистердің тыңшылары мен баскесерлері барлық жерлерде селжұқ династиясының өкіддеріне қарсы қастандық әрекеттерін жасай бастайды. Селжұқ армиясы исламистерді Аламутта, Иранда қанша рет жазалауға тырысқанымен де сарайдағы тыңшылар іске асыртпауға тырысады. Осылайша, XI ғ. соңы XII ғ. басында Ұлы Селжұқ империясының ыдырайтыны айқындала түскен еді. Империяны біріктіруші күштерден гөрі, оны ыдыратушы күштер бел ала бастаған еді. Селжұқ династиясының өз ішінде де алауыздық өршіп, әулеттің әр аймақтарында билік жүргізіп отырған өкілдері өз иеліктерін жеке мемлекет деп жариялау үшін күрес жүргізіп жатқан еді. Кіші Азияда Коний немесе Рум сұлтанаты (1077-1307), Сирияда сирия селжұқтарының ұлысы (1078-1117), Керменде (1041-1187) кавурдидтер әулеті, Хорезмде Ануштегіндер әулеті (1097-1221) жеке мемлекет болып құрыла бастаған еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Маркарян С.А. *Некоторые сведения армянских историков XI — XII вв. о тюрках-сельджуках* // Вестник общественных наук АН АрмССР, 19816 N12; Шенгелия Н. Н. *Грузинские историки XI-XII в.в. о сельджуках* // Тюркологический сборник, 1973г. М., 1975.

2. *Латын-грек тілінде жазылған автордың еңбектері өте көп болуына байланысты оларды тексте жеке-жеке қарастырамыз.*

3. Якубовский А.Ю. *Махмуд Газневи. К вопросу происхождения и характере Газневидского государства. Фердовси, СГ.ст. Л. 1934.*

4. *История Востока. Т. 2. (Восток в средние века). М., 1999, с. 222-225.*

5. *Беляев Е.А. Арабы, ислам и арабский халифат в раннесредневековье. М., 1965.*

6. *История Византии. В 3-томах. Том 3, М., Наука, 1967.*